

«Суриков не судья истории – он ее поэт», – писал его почитатель Я.А. Тепин [7; с. 202]. Для него важно, чтобы каждый, рассматривающий его полотно, сам понял сложно-противоречивый, но в итоге – поступательный ход истории. И что главное, этот ход он не понимал без взаимодействия двух составляющих – героя и толпы. В. Суриков обогатил исторический жанр замечательной формулой: «Я не понимаю действия отдельных исторических лиц без народа, без толпы, мне нужно вытащить их на улицу». Вот, всегда современно и до простоты гениально.

Художник масштаба исторических разломов и крупных поворотов в трудной судьбе России, В. Суриков «воспитывал» зрителя живой историей, обогащал его знаниями, развивал эстетически и эмоционально.

Реализм исторической живописи конца XIX – начала XX вв. не прекратил своего развития, однако оно проходит на фоне борьбы различных художественных течений и философских воззрений. Искания русской живописи этого времени связаны с творчеством таких художников, как В. Серов, М. Врубель, М. Нестеров, С. Иванов, А. Рябушкин, Н. Рерих, А. Бенуа и др.

Важно осознать, что они дали жанру? Из-за недостатка места обозначим лишь особенное. Любое, даже внешнее сравнение с творчеством предшествующих живописцев репинско-суриковского типа, выявляет в их произведениях изменение тематики, появление иного набора сюжетов, иными становятся действующие лица – не герои вовсе, а люди обыденные, приземленные, живущие без психологического надрыва в атмосфере умиротворенных бытовых устоев.

Уходил в прошлое воспетый когда-то «подвиг героя» – он оказался не ко двору в обстановке обывательской скуки и обыденности. Однако остановимся и заметим, что живопись жанра конца XIX века, и это главное, не погрязла в «ионычевском» (А. Чехов) строе жизни, для нее неприемлемы были пошлость, безвкусица, обывательщина – все то, что отвергалось поколением людей, ожидавших грядущие перемены. Оживший жанр историко-бытовой картины, становившийся ведущим в живописи, хотя и не поднимался до соз-

дания эпических полотен суриковского масштаба, все же открывал перед зрителем огромный мир художественных и этических ценностей, помогал почувствовать красоту и своеобразие прошлых веков.

Пройдя длительный путь своего развития, историческая живопись честно служила высоким человеческим идеалам, помогая обществу изобразительными средствами осмыслить и понять национальное своеобразие русской истории, утверждать идеи гуманизма, нравственной красоты и добра.

P.S. Настоящая статья написана на основе материалов спецкурса, прочитанного студентам 4 курса специальности «История», что позволило студентке Ольге Волковой стать одним из ее авторов.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Верещагина А. Художник. Время. История. Очерки русской исторической живописи XVIII-начало XX веков. - М., 1973.
2. Гоголь Н.В. Собрание сочинений. Т.6. - М., 1959.
3. Репин И.Е. Избранные письма в двух томах. 1867-1930. Т.1. Письма 1867 - 1892. - М., 1969.
4. Никитин И.С. Сочинения. - М., 1955.
5. Порудоминский В.И. Николай Ге. Серия «Жизнь в искусстве». - М., 1970.
6. Крамской И.Н. Письма, статьи: В двух томах. Т.2. - М., 1966.
7. Суриков В.И. Письма. Воспоминания о художнике. - Л., 1977.
8. Кеменов В.С. Историческая живопись Сурикова. 1870-1880-е годы. - М., 1963.

Түйіндеме

Мақалада орыс бейнелеу өнерде қалыптасуының және тарихи жанрның даму жолдары беріледі. Живописьтің жанрлық ерекшеліктері суретшілердің шығармашылық нәтижелерінен көрінеді.

Conclusion

The article discloses ways of formation and development of the historical genre in the Russian painting art. Genre peculiarities of painting are viewed through the analysis of the painters' creative works.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТЕҢСІЗДІГІ ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Құлабаев Н.Ж., Мамиева Б.О.

XX ғасырдың 20-жылдарынан кейінгі көркем әдебиет қазан төңкерісі әкелген жаңа заманның «жасампаздығы» мен оның халық өміріне алып келген «жақсылықтарын» насихаттайтын, бірден-бір идеологиялық құралға айналды. Әдебиеттің халықтығы мен ұлттығы дейтін негізгі қағидаттар

кейінгі орынға ысырылып, партиялық қағидат үстемдікке ие болды. «Пролетариаттың күресіне пайдасын тигізіп, халықты төңкерісшілдікке үндейтін әдебиет, жаңа өмір құруға немесе негізі қалана бастаған пролетариат диктатурасын орнықтыруға шақыратын әдебиет қана партиялық, халықтық

әдебиет болады деген көзқарас мықтап орнықты» [3,210]. Партия мүддесі жолында халық руханиятының «ескісін» қиратып, «жаңасын» жасауда әдебиет өзіне жүктелген міндетті белгілі бір дәрежеде ақтап шықты да.

XX ғасырдың басындағы қазақ прозасында әйел теңсіздігі тақырыбы ерекше орын алады. Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының алғашқы қарлығаштарының («Бақытсыз Жамал», «Қалың мал») атауларының өзінен-ақ, олардың тақырыптық идеясы айқын аңғарылып тұр. Қазақ көркем повесінің көшбасы саналған «Шұғаның белгісі» де төңкеріске дейінгі қазақ әйелінің қоғамдағы әлеуметтік теңсіздігін арқау еткен.

Дәуірлер тоғысында дүниеге келген бұл шығармалар қазақ даласында отырықшы өркениеттің етек алып, көшпелі өркениеттің жұтылу дәуірінің аяқталар тұсында дүниеге келген туындылар. Отырықшылық тұрмысты өзінің құрбаны болған көшпелі тұрмыстың ежелден қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік үлгілері, салт-дәстүрі мен наным-сенімі, тұрмыстық дағдылары қанағаттандыра алмады. Отырықшылық көшпелі өркениеттің негізгі құндылықтарына қайшы келетін өзінің тұрмыстық ережелерін ұсынды. Нәтижесінде, көшпелілікке тән тұрмыстық ұғымдар ескіріп, ескі қирап, жаңа сана, жаңа түсінік қалыптаса бастады.

XX ғасырдың басындағы әдебиетте ескіліктің жұрнағы, надандық пен тағылықтың белгісі, адам (әйел) құқығын шектеудің көзі ретінде әсіре сыналған қыз айттыру, құда (бел құда, бесік құда) болу, қалың мал беру, әмеңгерлік салттары, шын мәнінде, көшпелі қоғамның тұрмыс тәжірибесінен өткен, ежелден қалыптасқан тұрмыстық-этикалық заңдылық, далалық мәдениеттің басқа да мәдениеттерден даралап тұратын негізгі ерекшелік белгілерінің бірі еді. Ұлтымыздың діліне тамырын терең жіберген бұл ата дәстүрлер XX ғасырдың басындағы баспасөз бен көркем әдебиетте соншалық шектен тыс сыналып, қазақ халқының надандық шырмауынан шыға алмай жатуының негізгі себептерінің бірі болып көрсетілгенімен де, «құда түсу», «қыз айттыру» күні бүгінге дейін қанымызда сақталып келген, күнделікті өмір тәжірибесінде өзіндік орны бар, бұдан кейін де түрленіп, дами беретін ұлттық дәстүрдің өміршең үлгісі. Ұлттық діл ерекшелігін анықтайтын жарқын белгілердің бірі.

Неліктен әйел теңсіздігі тақырыбы XX ғасырдың басындағы кезеңдегі әдебиетте соншалықты зәру мәселе ретінде көтеріліп, маңызды орынға ие болды? Осы кезеңдегі қаламгерлердің барлығының дерлік шығарма-шылығына арқау болып, сол тұстағы жазушылық әліппесіне айналған әйел теңсіздігі тақырыбының әдебиетіміздің бұрынғы тарихында көрініс бермей келуін қалай түсінуге болады? «Дала уалаяты газетінің» 1399 жылғы 5-санында басылған «Қозы Көрпеш, Баян Сұлу» жырының қара сөзбен жазылған нұскасында Сарыбай өлімі Қарабайдың да қабырғасына қатты батқаны

баяндала келіп, кейін Қарабайдың көшіп кету себебі: «Тату үйлердің қайғысы ортақ болып өлгенде ас берді. Қарабай: – Уағдам уағда, – деді. Бал аштырған екен: «Қозы Көрпеш пенен Баян Сұлу қосылса, бақытсыз болады» деді. Қарабай, оның қатыны хәм туысқандары бақсының айтқандарына нанып, құдалықтан айрылмаққа ұйғарған еді. ...Көріне уағдасынан қайта алмай Қарабай ақырын-ақырын Сарыбай аулынан жекеленіп көшіп жүріп, ақырында, Тарбағатай тауына кіріп кетті де қалды» [233] деп түсіндірледі. Сарыбай мен Қарабайдың аңда жүріп, сырласып, бел құда болып, уағдаласқандықтарын надандыққа немесе әйел теңсіздігіне әкеліп тіреуге бола ма? Уағда бұзып, ант аттаған Қарабайдың жүрек түпкірінде «Бауыр етім Баянымды жетім қалған Қозыға беріп жылатпайын» деген ниет жатыр. Жырда Баян Сұлу – XX ғасырдың басындағы әдебиетте надандық көзі деп саналған қазақы салт – «бел құдалықтың» нағыз қорғаушысы ретінде бейнеленеді. Қозыны өлтірген Қодарды алдап, құдыққа батырып өлтіреді, жақындарына «Мені Қозы Көрпешіменен бірге көм [2,36]» деп аманат тастап, кеудесіне қанжар салып өзі де өледі.

Тәуелсіздігінен, бұрынғы кеңдігінен (шұрайлы жерінен, малынан) айырылып, жоқшылық пен кедейшіліктің шырмауын енді ғана шындап сезініп, салт-санасы сырқатқа ұшырап, рухына сызат түсіп, торға түскен тағыдай еріксіз, ебедейсіз отырықшылыққа мойынұсына бастаған ұлт үшін отырықшылық орнығып, тамырын мейлінше тереңге сала бастаған тұста жоғарыдағы дәстүрлер «ескіліктің көзі, надандық белгісі» деп ұғыныла бастады. Себебі, ұлттық санаға ақау түсіп, дүниені ұлттық тұрғыдан түсіну, түйсіну. ойлау бұлыңғырланды. Дүние отырықшылық өркениеттің отаны еуропа танымымен өлшеніп, еуропалық көзқарас қалыптаса бастады. Бұл құбылыс ең алдымен қазақ оқығандарының бойынан байқалды. Орысша оқып, білім алып, еуропа мәдениетімен бірге еуропалық көзқарасты бойына сіңірген ұлт оқығандары алғашқы болып ұлттық дүниетанымның алтын уықтарына балта сілтей бастады. Ресей империясының қазақ даласында жаппай мектеп ашу, пәрменді түрде оқу-ағарту жұмыстарын жүргізу ісінің негізгі мақсаты да осы - ұлт ділінің шаңырағын шайқалту еді. Үстем империяның бұл жымьсықы саясаты белгілі бір дәрежеде өз нәтижесін берді де.

Қыз ұзату, келін түсіруге байланысты әлі күнге дейін үзілмей келе жатқан «атастыру», «айттыру», «құда түсу», т.с.с. дәстүрлі салт-жоралғылар қазақ тұрмысында қадым замандардан қалыптасып қалған заңдылық. Бұл салт – қазақ халқын басқа халықтардан даралап тұратын ұлттық-дәстүрлік ерекшеліктердің бірі. XX ғасырдың басында болып өткен кіші жаһандану (Қазан төңкерісі) үдерісінде бұл дәстүр ұлттық мәдениетке деген ресейлік үстем мәдениеттің танымы мен көзқарасының ықпалымен «тағылық», «надандық», «қа-

раңғылық» белгісі ретінде танылды. Орысша оқыған қазақ зиялылары да осы таным бағытында болып, баспасөз беттерінде аталған дәстүрге қарсы идеологиялық майдан ашты.

Атадан қалып, қанға сіңген қыз айттыру, құда болу, қалың мал беру, әменгерлік салттары мен қазақ әйелінің қоғамдағы орны мен тұрмыс-жайы туралы мәселелер көтерген ең алғашқы материалдарды «Дала уәлаятының газетінен» кездестіреміз. «Дала уәлаяты газетінің» 1896 жылғы 48, 49, 50 сандарында Отыншы Әлжанов қазақтың әдет-заңы туралы түсінік беріп, Өскемен оязы мен Зайсан ояздары билерінің бірлескен съезінде қабылданған ереже туралы «Билердің бітімдері. Бір үлкен съездегі билер ережесі» атты материал жариялайды. «Ереже» қыз айттыру, құда болу секілді әдет заңдарын реттейтін 14 баптан тұрады. Осы «Ереженің» 9-бабы «Жесір қатын өз ықтиярымен сүйгеніне беріледі» [ДУГ, 560] дейді. Сондай-ақ, газеттің 1898 жылғы 34, 35, 36, 37 сандарында жарияланған «Ереже» деген атпен Өскемен және Семей ояздарының төтенше съезінде халық соттары бекіткен жанұялық құқықтардың қаулысынның 7-бабы «Жесір қатын байының жақынына тисе, жас балалары шешесімен бірге болады... егер қатын бөтен біреуге тисе, онда балалары өздерінің еншісімен әкесінің туысқандарына қалады. «Ұл - әкесінікі, қыз - шешесінікі» дейді қазақ мақалы». Рас-ақ, рәсім бойынша, ұлды көбінесе әкесі, қызды шешесі билейді. Ұлды шеше қызындай билей қоймайды, әкесі қызын билей қоймайды ұлындай. Егерде неке бұзылса, қыз шешесіне тиеді, әкесіне еркек баласы тиісті» [ДУГ, 627] деп көрсетеді. Баптағы құқықтық нормалар өз дәуірінің әдеп-ғұрыптарына сай, халық қанына сіңген ата дәстүр ескеріле отырып белгіленген. Мазмұнынан өзіндік ерекшелік сипаты бар далалық демократияның нышанын аңғару қиын емес. Өзіне дейінгінің бәрін надандық пен ескілікке әкеліп тіреп қойған ХХ ғасырдағы қасаң түсінікті жоққа шығаратын ұғымдар баршылық. Бұл дәуірде «ұлды көбінесе әкесі, қызды шешесі билесе, ұлды шеше қызындай билей қоймайса, әкесі қызын ұлындай билей қоймаса», қыздарына билігі шексіз тас жүрек, мейірімсіз әкелер – Сәрсенбай, Есімбектер қайдан шыққан? Сөз жоқ, бұлар ХХ ғасырдың басындағы өтпелі кезең талабына сай сомдалған жалған бейнелер.

«Дала уәлаятының газетінде» (№ 7-8, 1900 жыл) авторы «Найман» деп көрсетілген «Қазақ қыздары» атты мақаланың мазмұны «Қыз байғұстардың әрдайым көздерінен қанды жастары ақпай жүрмейді. Бірақ олардың көз жасына ешкім қарамайды. Олардан да бәйге аттарына жақсы қарайды» [ДУГ, 716] дегенге келіп саяды. Мақалада сол кезеңдегі қазақ қыздарының «мүшкіл тұрмысын» асыра, төндіре суреттеушілік байқалады. Бұдан автордың ойлау қисыны мен дүниетанымының батыстық көзқараспен уланып үлгергендігі байқалады.

«Дала уәлаяты газетінің» 1899 жылғы 1-санында жарияланып, соңынан «В.М.» деген орысша үлгідегі автор қолы қойылған «Әйел» атты мақалада да қазақ әйелінің қоғамдағы орны әсіре төмендетіліп көрсетіледі. Газеттің осы жылғы 6-санында Р. Мәрсеков осы мақалаға сын-пікір жазып, мақала авторының пікірінің жаңсақ екендігін дәйекті дәлелдейді. «Қазақ әйелінің билігі басынан мүлде кетпейді. Қайта көбі байының ақылдас, серігі болып кетеді. (Ері) Шаруа тұрыс-жүрісінің көбін-ақ қатынымен ақылдасып істейді. Қырда қатыны шаруа жүріс-тұрысын билейтін үйлер көп жолығады. Байының атын атамай, қатынының атын атап: «пәленнің ауылына барамыз» дейді, байы тірі болса да» [2, 23] – деп, қазақ әйелінің қоғамдағы орнын шынайы атап көрсетеді.

Аталмыш газеттің 1902 жылғы 9 санында «Қазақ қыздарының тұрмысы» деген атпен «Памятная книжка Уральской области» атты кітаптан алынып аударылған мақала жарияланады. Мақалада қазақ қыздарының алаңсыз жастық шағы, атастырылуы, ұзатылуы, есейіп әйел болып, үй тұрмысының тұтқасын ұстауы туралы жайлар әңгімеленген: «Ата-аналары ұлдарын да, қыздарын да бірдей жақсы көрісіп тұрады... Жас мезгілінде ата-аналары қыздарын атастырып қойысады. Қашаннан келе жатқан рәсімдері болған соң, қашан кім жасы жетіп ер жеткен соң, ұзатар уақыты болғанда күйеу күн сайын келіп жүреді. Ата-аналарының өздері де бергілері келіп асығып тұрады тірі шақтарында көздерімен көріп қалуға жастардың жаңа ғұмыр еткендерін.

Анасының тәрбиесінде ғамсыз тұрған қыз бала ағайын-туғандарымен амандасып жылай бастайды. Тыңдап тұрған шет кісілер шыдап тұра алмайды, көздеріне жас алып жыламайынша» [2, 552]. «Неше жылдар өткен соң ол салауатты қатын боп алады, оның қолында бүгіл мал-мүліктер боп тұрды...» [2, 553]. Мақала мазмұны қазақ қызының өсу жолдары мен қоғамдағы өзіне лайық орынға ие болу сатыларын шыншыл бере білуімен ерекшеленеді. Ежелден қалыптасқан ата салтының шеңберінен шықпай-ақ өз бақытына жеткен қазақ қызының нанымды бейнесін бедерлейді.

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде әйел тақырыбына баса назар аударып, әйел мәселесіне арналған мақала, әңгіме, очерктер жариялап тұрған алғашқы басылымның бірі – «Айқап» журналы. 1911 – 1915 жылдар аралығында «Айқапта» «Қазақтың құдалықтарындағы кемшіліктер» (1911, № 6. Ш. Әлжанов), «Қазақ қыздарының аталарына» (1911, № 7. Сақыпжамал Тілеубайқызы), «Бір қазақ қызы» (1911, № 7. Б. Құлақбаев), «Ұзақ күткен үмітім һәм бас адамдарға бір-екі сөз» (1911, № 9. Сақыпжамал Тілеубайқызы), «Бұрынғы ғаріп һәм қазіргі хал» (1911, № 10. С. Жолаушин), «Қыз батасы» (1911, № 10. Сақыпжамал Тілеубайқызы), «Екі қыздың мұңы» (1911, № 12. Азамат Алашұғлы (М. Дулатұлы), «Әйелдер жайынан» (№ 12. А.

Бадықов), «Жолсыз әдеттеріміздің бірі» (1912, № 8. Мақыш Қалтайұғлы), «Қазақ халқының қыздар тіршілігіне көз салулары хақында» (1912, № 8. И. Ташболатов), «Қыз балалар хақында бір-екі сөз» (1912, № 8. Ж. Тілеубергенов), «Бейшара қыз» (1912, № 11. О. Ғалимов), «Қатын алу, ерге шығу» (1913, № 2. М. Ж. (Мағжан Жұмабаев). «Әулиеата менен Тоқмақ арасы» (1913, № 2. М. Кәшимов), «Жесір әңгімесі» (1913, № 10. Хасен Сартайұғлы), «Ауырмай есімнен жаңылғаным» (1913, № 17. С. Торайғыров), «Әйелдер жайынан» (1913, № 17. А.Б. Жәкеев), «Әйелдер жайынан» (1913, № 18. Әбубәкір Жайшыбек баласы), «Үш қатынменен тұрмыс» (1914, № 3. Уәлихан Ғұмар баласы), «Қыздарға үгіт» (1914, № 10. Б.А. Кедесов), «Бір қазақ қызының әкесіне зары» (1914, № 22. А. Мәметов), «Басылмаған романнан бір кесек» (1915, № 3.Н. Манаев), «Ана» (1915. № 4. Би баласы (Шәйбай Айманов), т.б. қазақ әйелдерінің жай-күйі, аянышты ауыр халі, әйел бостандығы мен теңдігі, әйелдің қоғам өміріндегі орны, әйелді оқыту керектігі. әйелдің әдет-ғұрып құрбаны болуы, әйел басындағы ауыр жайлар, бас бостандығын қорғап қашқан жастар, қыз айттыру, жесір мұны мәселелеріне арналған материалдар жиі жарық көріп тұрды.

Жаңа көзқарас тұрғысынан алсақ, Жамал, Қамар, Шұға, коммунист Раушандар өз дәуірінің талабына сай сәтті сомдалған көркем бейнелер болғанымен, қазіргі ұрпақ үшін идеал емес, себебі бұл шығармалардағы идея мәңгілік емес. Өз дәуірінің қажеттілігінен ғана туған уақытша идеялар. Де-

мек, абсолюттік тұрғыдан алғанда уақытша идея – жалған. «Жалған идеяларға негізделген өнер – туындылары ...қаншама талантты жазылғанымен де өмірі ұзаққа бармайды» [4,62].

Ұлт ділінің табиғатын, салты мен тұрмысының, әдет-ғұрпы мен дәстүрінің арғы-бергі тарихын зерделесек, қазақ халқының әйел затына деген ықылас-мейірімінің ерекше ыстық болғандығын көреміз.

ӘДЕБИЕТ:

1. Дала уәлаятының газеті (Адам, қоғам, табиғат 1888 - 1902) Құрастырушы Субханбердина Ү. - Алматы: «Ғылым», 1994. - 816 б.
2. Дала уәлаятының газеті (Әдеби нұсқалар 1888 - 1902) Құрастырушы Субханбердина Ү. - Алматы: «Ғылым», 1992. - 576 б.
3. «Айқап». Құрастырушылар Субханбердина Ү., Дәуітов С. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. - 366 б.
4. Ысқақұлы Д. Сын өнері (Оқу құралы). - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001 - 304 б.

Резюме

Статья рассматривает вопрос равенства женщин в казахской литературе в начале XX века

Conclusion

The article includes a problem of women equality in the Kazakh literature in the beginning of the 20th centuries.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ САРЫНДАР

Мамиева Б.О.

XX ғасыр басындағы ақындар қазақ әдебиетінде бұрыннан бар үлгі, дәстүрлермен қоса жанрлық формалар арқылы жүзеге асырып, роман, драма, публицистиканың түрлерін тудырды. Әлем әдебиетінің классикалық туындылары аударылды. Ұлы Абай салып кеткен ойларды жалғастырып, әдебиетті жаңа сапаға көтерді. Шығармашылықтарымен қатар елі үшін саяси күрестерге араласып, қоғамдық қызметтердің ортасында жүрді. Әрқайсысы түрлі мамандықты меңгерген, бірнеше тілді жетік білген. Ақын С.Торайғыров:

*Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді*

Бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым, –

деп жырлағандай, Алаш партиясын құрып, елінің тәуелсіздігі үшін күресіп, дербес мемлекет құруды биік нысана етіп, ұлт мақсатын алға қойған ақындар шоғыры, қоғам қайраткерлері дүниеге келді [1.].

Халқының қамын жеген ақындардың бірі, ұлтына «Оян, қазақ!» деп ұран салған М.Дулатов «Таршылық халіміз хақында аз мінажат» (1907) өлеңінде:

*Ұйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,
Кеттік қой отқа күйіп, өрттен қашпай.
Әр халық алға кетіп жатса-дағы,
Біздің жұрт шегінеді қадам баспай...*

*Күн көреміз қайда барып, алашым?
Білгіштердің хал мүшкілін қарасын.
Сүйегі жоқ тіске жұмсақ болған соң,
Әркім жейді бізді қазақ баласын, –*

деп халқының басындағы ауыр қасіретті айқын көріп, одан айықтыру жолдарын іздесе, «Елім-ай» (1914) атты өлеңінде:

*Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең түсті мұнша неге, елім-ай!
Өткен-сағым, келер алдың бір мұнар,*